



Киелі Кармакшы жеріндегі Қорқыт ата мемориалдық кешені жанынан «ЭКСПО – 2017» халықаралық мамандандырылған қормесіне орай этноауыл ашылғаны белгілі. Қазак ұлтының қошпелі өмірін бейнелеген ауылға бүгінде туристер жиі келіп жатыр. Откен аптада «ЭКСПО»-ға келген Германия елінің Бундестаг депутаты Ф.Ленгсфель Ақмешіттің топырағына да табан тіреді. Сыр еліне сапары барысында оны облыс әкімінің орынбасары С.Қожаниязов арнайы күтіп алып, кездесу өткізді. Басқосуға Халықаралық Аралды күтқару қорының Қазакстандағы өкілдігі басшысының орынбасары А.Кеншімов қатысқан. Мұнан соң делегация Арал ауданына жол жүріп, аудан басшылығымен, балық ондеу зауытымен танысып, музей аралады. Келесі күні делегация құрамы Кіші Арал теңізі және Камбаш қолінің жағасындағы «Камбаш» балаларды оқыту-сауықтыру орталығының жұмыстарына күә болғаннан кейін Кармакшыдағы этноауылға ат басын бүрды.

Қорқыт бабамыздың кешені тұрған манның қасиетті болмауы мүмкін емес. Ол жердің күмы да, аңызак желі де шетелдіктер үшін тансық. Осы өзгешеліктердің қатарын халқымыздың мәдениеті мен тұрмыс-салтынан қорініс беретін этноауыл толықтырып тұр. Мұндағы Хан ордасы аталатын киіз үйдің ішіне кіріп, бауырсақтан ауыз тиіп, шұбат ішкен германиялық өкіл Ф.Ленгсфель алған әсерімен болісті.

- Казактын салт-дәстүрін көргеніме өте қуаныштымын. Барлығы қызықты болды. Бұл – Казакстанға үшінші рет келуім. Ал осы ауданда бірінші рет қонақ болып тұрмын. Этонауыл мені өзінің ерекшеліктерімен қызықтыра алды. Себебі, бүгін мен Арал қаласына барып, трагедиядан кейінгі Арал қандай болды, соны көріп келдім. Этноауылды, барлығын керемет деп бағалаймын! Казакстан – көркімен тамсандыратын ел. Казак елі көңілімнен шығады, - деді ол өз сөзінде.

Этноауылда жүріп делегация мүшелері ұлттық асық ойынын ойнады. Зергерлік бұйымдар үйінен ұсталардың қолынан шыққан туындыларды тамашаласа, бұлғары бұйымдар үйінің ұсынған заттары көпшілік көңілінен шықты. Хан ордасында казак қызы айтқан термені тыңдаған қонақтар казакшылықтың тереңіне дендеп енгендей болды.

Этноауылға бүгінге дейін 12 мемлекеттен 5000-ға жуық турист келген. Соның ішінде өте жиі келетін қонақтарымыз – германиялықтар. Олардың барлығы – әлем саяхатшылары. Казакстанға Орал, Ақтобе, Қызылорда облысы арқылы келіп, Шымкент қаласынан Озбекстан елінің шекарасына өтеді. Сондай-ақ голландиялық ғарышкерлер де этноауылдың құрметті мейманы болған. Олар Байқоныр ғарыш айлағына бара жатқан бетте ауылды көріп кетіпті. Жапония, Францияның азаматтары осында аялдап, казактың байырғы өміріне қызығушылық танытуда. Этноауыл қызметкерлерінің айтуынша, туристер тарапынан ең көп қойылатын сұрақ ұлтымыздың салт-дәстүріне байланысты. Тіпті кішігірім зергерлік немесе колонер бұйымдарын сатып алғанның өзінде оның белгілі бір мән-мағынасы, тарихы болғанын көп қореді дейді.

Мұндағы киіз үйлердің бірінде жүннен, киізден түрлі бұйымдар жасалған. Қамзолдан бастап, тұрмыстық заттар, сәндік үшін қойылатын ескерткіштер бар. Ал келесі бірінде сурет, тігін өнерімен айналысатын кісілер отыр. Суретші Бибігүл Жүсіпованың айтуынша, келушілер тарапынан өзінің өнер туындыларының ішінен «смайлик» пішіндес жастықшаларға деген сұраныс көп. Сонымен қатар, қыз-келіншектер орамал орнына тағатын сәнді түрбанды алушылардың салмағы басым. Оның құны – 2000 теңге. Б.Жүсіпованың қамзол, тақия тігумен айналысқанына 15 жылдан асқан. Ал сурет салуды серік еткеніне 4 жыл болыпты. Майлы бояумен салып жатқан картиналарын жинап, «ӘКСПО» біткеннен кейін жеке қормесін ашып, сонда ұсынуды армандайды.

Бұрмелі жастықтар, құрақ қорпешелердің сан түрін қорғиіз келсе, тігіншілер отырған киіз үйге бас сұғасыз. Мұнда қыз жасауына қажетті бұйым ғана емес, Қармақшыдағы «Ансаған» мүмкіндігі шектеулі балалар қоғамдық бірлестігінің өнерпаздары ұсынған туындылар да қозғе жиі ұшырасады. Ал Бақытгүл Райымбаеваның бейнетті еңбегі жүртшылық жүрегінен орын алып, ыстық ықыласқа боленгені рас. Ол 3 жыл, 1 ай бойы

коз майын тауысып жайнамаз-кілемшесін тоқыған. Жайнамаздағы орнектер өте ерекше. Себебі, мұнда ислам дініне қатысты бір сыр бар. Бұл орнектерді мағынасын ұғынып, ілімін пайдалана білген адам көп жетістіктерге жетеді-мыс.

Келесі бір үйде мүйізден жасалған шаш қыстырғыштар бар. Оны қиялына қарай әртүрлі етіп өзгерте түскен шеберлер сүйектен жасалған тарактардың бас терісіне пайдалы екенін алға тартады. Бұрымды аруларға арналған шаш қыстырғыштардың дизайны да тандай қактырарлықтай. Шебер Мырзабек Қаныбаев мүйізден жасалған ескерткіштерінде қазақы отбасының ерекшеліктерін, мінезін айшықтай білген. Былайғы уақытта майыстыра қалсақ морт етіп сына кететін мүйіздерді өз әдістерін қолдана отырып иіп, оны өз ойындағы мүсінге айналдыра білген шеберлердің онеріне сүйсінбесе шара жоқ.

Ханның Ақ ордасы іспетті киіз үйде ханның тұтынатын заттарын қормеге қойған. Мұнда енген кісі өзін жаугершілік замандағы қазақ халқының өміріне біртабан өне түскендей сезінетініне сенімдіміз. Далада алтыбақан теуіп, қазақ күресіне де орын табылады. Қазаққа тән ою-орнектер бейнеленген қамзол қиген ұзын етекте қыздар ұршық үйіріп, диірменге талқан тартып отыр. Ал жылқы мінген шабандоз жігіттер өзара жарысып жүр. Жан-жағыңызға жай ғана қоз жіберсеңіз болғаны, шекарасына жетуге күс қанаты талатын жазық дала мен мұндалайды. Тек осы қоріністің өзі дарқан, ор, еркін мінезді қазақ ұлтының өмір сүретінін дәлелдеп тұрғандай.

Жазира □ БАГЛАН